«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** / **ПРИКАЗ**

«10» 12 2024 ж./г. № П-426

Қонаев қаласы / город Конаев

**«Банкроттық басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттету туралы»**

Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы 176-V Заңының 12 бабының 7 тармағының 2) тармақшасына, 15 бабының 3) тармақшасына, 89 бабының 2 тармағының 21) тармақшасына сәйкес және «ВАНТ-2009» ЖШС (БСН 090740013092) 2024 жылғы 03 желтоқсандағы кредитордың өтініші негізінде,

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Улукбек Ботабаевич Ташпулатов «ВАНТ-2009» ЖШС банкроттық басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілсін.
2. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Банкроттық басқарушыны тағайындау туралы» 2024 жылғы 21 ақпандағы № П-33 бұйрығының күші жойылсын.
3. Улукбек Ботабаевич Ташпулатов жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы және қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты берсін.
4. Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы (Б.М.Нұрғыдыр) осы бұйрықты банкроттық басқарушы У.Б.Ташпулатов назарына жеткізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Б.Ескентаевқа жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басшы** **К.Исаков**

**002828**